



TALAS

№22 (10725)  
жұма  
27 наурыз  
2026 жыл

# TALAS tynysy

Talas aýdandyq gazetі



talas-gazet.kz

Gazet 1934 jyldyń 1 qazanynan shyǵady

E mail: talas-gazet@mail.kz



## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ҚАРСЫ АЛДЫ



Наурыз мерекесі аудан орталығында кең көлемде ұйымдастырылды. Көрісу күнінен бастау алған Ұлыстың Ұлы күні қаладағы «Жеңіс» алаңында тойланды. Биылғы мереке Ораза айтымен тұспа-тұс келді. Қос мейрамның қатар келгенін жақсылыққа балаған аудан тұрғындары бір-біріне ізгі тілектерін ақтарып, құттықтауларын білдірді.

Орталық алаңға киіз үйлермен қатар, қонақтарға арналған шатырлар Ұлыстың Ұлы күніне деген көпшіліктің ықылас-пейілін аңғартты.

Мерекелік шара жаңару мен бірліктің символы саналатын Жер ана мен халықтың қамқоры, жақсылық пен құт, береке әкелуші Қыдыр атаның елге арнаған батасымен басталды. Мұнан соң көпшілік өнерлі балалардың Ұлыстың Ұлы күніне әзірлеген сахналық қойылымдарын тамашалады.

Аудан әкімі Нұрбол Жүнісбеков жер ананың тоңы жібін, тіршілік жаңаратын Наурыз мейрамына орай ақ тілегін білдіріп, аудан тұрғындарын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтады.

Көпшілік өз-Наурызға арнайы шақырылған жұлдызды жұп Ғани Жүнісов пен Бота Бейсенованың ән шауыын қабыл алды. Таластан шыққан өнер иелеріне қошемет көрсеткен тұрғындар естелік суретке түсіп, өнеріне тілеуестіктерін танытты.

Биылғы мерекедің онға жуық спорт түрінен жарыс өтті. Олардың қатарында «Кім мықты?», ләңгі тебу, қол күресі, қой көтеру, қант көтеру, мас рестлинг, кермеге тартылу сияқты спорт түрлері бар. Боз кілем шеберлерінің ешқайсысы қазақ күресінен өткен бәсекеден шет қалған жоқ. Жарыс жасөспірімдер, жастар, ересектер және спорт ардагерлері арасында жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылды.

Ұлыстың Ұлы күні ауылдық округтерде де кеңінен аталып өтті.



Гүлназия СЕРІКБАЕВА,  
М.Х.Дулати атындағы Тараз  
университетінің студенті.



## ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ! Жаңару күні Үшарал ауылында кең көлемде аталып өтті

Нұрбол ҚАШАҒАН, «TALAS tynysy».



Ұлыстың Ұлы күні Үшарал ауылында сән-салтанатымен, ерекше сипатта аталып өтті. Мерекеге орай ауылдың іргесіндегі алаңға қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, салт-дәстүрге негізделген, ұлттық болмысымызды танытатын көрме өз-Наурыздың шырайын арттырды. Сонымен қатар, жастарға арналып құрылған алтыбақан, заманауи үлгідегі сахна, спорттық шараларға бөлінген алаңқайлар ұйымдастырушылардың мерекеге деген тыңғылықты дайындықтарын айшықтап бергендей. Ұлыстың Ұлы күнін өткізу дәл осы Үшарал ауылына түсуі де текке емес. Ауылдық округ аудан орталығынан шалғай орналасқанымен ауыл тұрғындарының ынтымағы жарасқан, ауызбіршілігі жоғары. Соған сәйкес халықтың да кәсіп айналыруға деген тәуекелі, еңбекке деген ынтығасы жоғары.

⇨ 4



## Бақылау — кассалық машиналарды қолданудың маңызы

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету және көлеңкелі экономиканың үлесін азайту мақсатында бақылау – кассалық машиналарды (БКМ) қолдану ерекше маңызға ие. Бақылау-кассалық машина – тауарларды сату немесе қызмет көрсету кезінде төлемдерді тіркейтін және фискалдық деректерді мемлекеттік органдарға жіберетін құрылғы. БКМ қолдану кәсіпкерлер мен тұтынушылар үшін бірқатар артықшылықтарға ие. Осыған байланысты сатып алушылардан фискалдық чек талап етуді сұраймыз. Біріншіден, бұл сауда операцияларының заңдылығын қамтамасыз етеді. Әрбір сатып алушыға берілетін чек – жасалған сауда операциясының дәлелі болып табылады. Екіншіден, бақылау-кассалық машиналар арқылы салық органдары кәсіпкерлердің айналымын бақылап, салықтық есептің дұрыстығын қамтамасыз етеді.



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, көптеген кәсіпкерлік субъектілері тауар сату немесе қызмет көрсету барысында міндетті түрде бақылау-кассалық машиналарды қолдануы тиіс. БКМ фискалдық деректер операторымен интеграцияланған болуы қажет, бұл барлық операциялар туралы ақпараттың салық органдарына автоматты түрде берілуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, БКМ қолдану тұтынушылардың құқықтарын қорғауға да ықпал етеді. Сатып алушы чек арқылы тауарды қайтару немесе айырбастау кезінде өз құқығын дәлелдей алады. Бақылау – кассалық машиналарды – салықтық тәртіпті нығайтудың, кәсіпкерлік қызметтің ашықтығын арттырудың және тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Қолма-қол есеп айырысу жүргізілген кезде кәсіпкерлер де бақылау-кассалық машиналарды қолдануға және сатып алушыға фискалдық чек беруге міндетті.

Талас ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

## Применение контрольно – кассовых машин

В настоящее время использование контрольно-кассовых машин (ККМ) имеет большое значение для обеспечения прозрачности предпринимательской деятельности и снижения доли теневой экономики. Контрольно - кассовая машина - это устройство, которое фиксирует платежи при продаже товаров или оказании услуг и передает фискальные данные в государственные органы. Использование ККМ имеет ряд преимуществ как для предпринимателей, так и для потребителей, в связи с чем просим покупателей требовать фискальный чек. Во-первых, это обеспечивает законность торговых операций. Чек, выдаваемый каждому покупателю, является подтверждением совершенной сделки. Во-вторых, с помощью контрольно - кассовых машин, налоговые органы могут контролировать обороты предпринимателей и обеспечивать правильность налогового учета.

Согласно законодательству Республики Казахстан, субъекты предпринимательства обязаны использовать контрольно-кассовые машины при продаже товаров или оказании услуг за наличный расчет. ККМ должны быть интегрированы с оператором фискальных данных, что позволяет автоматически передавать информацию обо всех операциях в налоговые органы. Кроме того, использование ККМ способствует защите прав потребителей. С помощью чека покупатель может подтвердить факт покупки при возврате или обмене товаров.

Таким образом, применение контрольно-кассовых машин является одним из эффективных инструментов укрепления налоговой дисциплины, повышения прозрачности предпринимательской деятельности и защиты прав потребителей. Так, при проведении расчетов за наличный расчет предприниматели обязаны применять контрольно-кассовые машины и выдавать покупателю фискальный чек.

Управление государственных доходов по Таласскому району.

## Ақ тілек

Аяулы анамыз, немерелерінің ардақты әжесі **Дария Алтыбайқызы НЫШАНОВАНЫ** 26 наурызда **61 жасқа** толған мерейлі туған күнімен құттықтаймыз.




Қаратау ауылдық округі аппаратының бас маманы ретінде сіз өз ісіңізге адалдық танытып, жоғары кәсібилігіңізбен және жауапкершілігіңізбен көпшілік құрметіне ие болып келесіз. Сіз отбасымыздың тірегі, мейірімді мол, жүрегі кең асыл анасыз. Бізге берген тәліміңіз бен тәрбиеніз, ақыл-көнесіңіз арқашан жол көрсетіп, өмірімізге жарық нұр сыйлап келді. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаттық пен қуаныш тілейміз! Әр күнініз бақытқа толып, ұл-қыз, немерелердің қызығына тоймай, ортамызда әрдайым аман-есен жүріңіз.

Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжы берер келесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, Бі - дің құтты болсын белесі.

Осы жасқа жеткен де бар, жетпеген... Жаратқанның нұры сізде көктемесен. Зейнет жастың бар қызығын көрсетің! Көңіл деген көркем кейіп, көк дөнен.

Құттықтаушылар: ұлдары-келіндері, қыздары- күйеубалалары мен немерелері.



## ТУБЕРКУЛЕЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

2026 жылдың 24 ақпанынан бастап туберкулездің алдын алу айлығы жарияланды. Айлық ағымдағы жылдың 24 наурызына дейін жалғасты. Ол Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орайластырылған. Негізгі мақсаты халықтың туберкулездің алғашқы белгілері туралы, медициналық көмекке уақтылы жүгінудің маңыздылығы, профилактикалық іс-шараларды емдеудің тиімділігі туралы хабардарлығын арттыру.

Туберкулез – адамдарда Кох таяқшасы тудыратын ауа-тамшылы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғыштары - микобактериялар. Туберкулез – бактериялар тудыратын ауа-тамшылы жұқпалы ауру және көбінесе өкпені зақымдайды. Инфекция туберкулезбен ауыратын наукастардан жөтелу, түшкіру немесе қақырық шығару арқылы ауа арқылы таралады. Инфекция көзі - туберкулезбен ауыратын адам, сондай-ақ аурудан зарлап шеккен ірі қара. Наука туберкулез таяқшаларын жөтелгенде, түшкіргенде, сілекеймен, пырышпен, қақырық пен сөйлескенде сыртқы ортаға шығарады. Дені сау адамдардың туберкулез инфекциясы наукастың сілекейі мен қақырығының тамшылары, сондай-ақ туберкулез таяқшасы мен себілген шаң бөлшектері бар ауаны ингаляциялау арқылы пайда болады. Инфекция наукастың заттарымен

байланыста болған кезде, сондай-ақ туберкулезбен ауыратын сиырлардан шикі сүтті пайдаланған кезде пайда болуы мүмкін. Бұл ауру кез-келген органда - өкпеде, бүйректе, ішекте, сүйектер мен буындарда, ми қабығында дамуы мүмкін. Бірақ, көбінесе тыныс алу мүшелері зарлап шегеді. Кейбір адамдарда туберкулез қатты, жоғары температура, жөтел және қақырықпен жүреді. Басқаларында – летаргиялық және тек әлсіздік, шаршау, төмен температура (37,0 – 37,5), шамалы жөтел, ал кейбір жағдайларда асимптоматикалық. Инфекция қоздырғышының берілу механизмінің ерекшеліктеріне және инфекциядан кейінгі иммунитеттің тұрақты сипатына байланысты алдын-алудың маңызды шарасы иммундау болып табылады. Жоспарлы иммундауды жүзеге асырудың көпжылдық тәжірибесі туберкулезбен күресудің осы әдісінің сөзсіз тиімділігін көрсетті. Бұл жұқпалы ауруға қарсы вакцинация жана туған дені сау балаларға медициналық қарсы көрсетілмдер болмаған жағдайда перинаталдық (перзентхана) орталығының егу бөлмесінде туғаннан кейін 2-4 күн ішінде Ұлттық вакцинация күнтізбесі бойынша "Бацилла Кальметта-Герена" вакцинасымен егу жүргізіледі. Вакцина туберкулезден өлімнің

алдын алады және балаларды аурудың ауыр түрінен қорғайды.

Перинаталдық (перзентхана) орталығында БЦЖ вакцинасымен егілмеген балалар 15 жасқа дейін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарда бір рет егіледі. Екі айға дейін – Манту сынамаасынсыз, екі айдан кейін – Манту сынамаасының теріс нәтижесімен.

Манту жыл сайынғы жүйелі терішілік сынағы балаларда туберкулез инфекциясының болуын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, фтизиатрға кеңес алуға жолдама алған кезде, ертеңге қалдырмаңыз, бұл сіздің сүйікті адамыңыздың – сіздің балаңыздың денсаулығына байланысты болуы мүмкін. Туберкулезді ерте анықтау оны емдеуді мақсат ететінін әр кім білуді керек. Әрине, медицина қызметкерлерінің өздері туберкулезді жеңе алмайды - бұл үлкен ұйымдастырушылық шаралар мен экономикалық шығындарды қажет ететін жаппы мемлекеттік мәселе. Сондықтан, әркімнің өзіне қамқорлық жасауы, салауатты өмір салты, профилактикалық медициналық тексеруден уақтылы өту, қажет болған жағдайда уақтылы және толық емдеу Сіздің денсаулығыңыздың ең жақсы кепілі болып табылады.

Сіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда!

**Г.МАХАНОВА,**  
Талас аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығына қарасты Авангард кинобейне бөлімінің қызметкері **Жарықжасын БЕКБЕРГЕНОВТІ 60 жас** мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Құрметті әріптес, сіз өз еңбегіңіз-

де қызметіңізге адалдығыңызбен, жауапкершілігіңізбен ұжымдастар арасында зор құрметке ие болып келесіз. Сіздің еңбекқорлығыңыз бен қарапайымдылығыңыз көпке үлгі.

Осынау мерейлі жасыңызда сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз! Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым сый-құрметке бөлене беріңіз. Ғұмырыңыз қуаныш пен шаттыққа толы болсын!

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермен шығыңыз.

Мерейлі күн нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі тілекпен: Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығының ұжымы мен кәсіподақ ұйымы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысы Талас ауданындағы Көктал-1 кен орнынан мәрмәр өндіру тау-кен жұмыстары жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Учаскенің географиялық координаттары: 1)43°14'20.70487"N, 70°19'27.45268"E; 2)43°14'18.86729"N, 70°19'31.06001"E; 3)43°14'17.62283"N, 70°19'38.64782"E; 4) 43°14'16.57844"N, 70°19'41.49756"E; 5)43°14'13.99597"N, 70°19'43.91675"E; 6)43°14'08.42046"N, 70°19'39.88225"E; 7) 43°14'13.31267"N, 70°19'31.70243"E; 8) 43°14'15.54547"N, 70°19'25.78088"E

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты, мекен-жайы және орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Көктал ауылдық округі, Көктал ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 20А, М.Жұмабаев атындағы орта мектептің мәжіліс залы. Өткізу күні мен уақыты: 06.05.2026 жылы, сағат 10.00-де.

Бастамашысы: «Marstone Group» ЖШС-і, БСН 250640008872, ҚР Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әйтеке би көшесі, 3Е, E-mail: kozhaxmetovaz79@mail.ru, тел. +7 7710299493.

Жобаны орындаушы: "Пасечная И.Ю." ЖК. РК Жамбыл облысы Тараз қ-сы Қаратау(2) м.а., 12ү, 31 п.тел.87017392827. E-mail: inna\_1310@inbox.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен NBD SOS и PR (<https://ndbecology.gov.kz>) сайтында және Жамбыл облысының ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>) танысуға болады

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Тараз қаласы, Абай даңғылы 133 А, «Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, s.agabek@zhambyl.gov.kz.

«Marstone Group» ЖШС барлық ниет білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады.

Qosyl сілтемесіне қосыл: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=951473693951>

Кездесу идентификаторы: 951-473-693-951.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по разделу «Охрана окружающей среды» к плану горных работ на добычу мрамора месторождения Коктал-1 в Таласском районе Жамбылской области.

Географические координаты участка: 1)43°14'20.70487"N, 70°19'27.45268"E; 2)43°14'18.86729"N, 70°19'31.06001"E; 3)43°14'17.62283"N, 70°19'38.64782"E; 4) 43°14'16.57844"N, 70°19'41.49756"E; 5)43°14'13.99597"N, 70°19'43.91675"E; 6)43°14'08.42046"N, 70°19'39.88225"E; 7) 43°14'13.31267"N, 70°19'31.70243"E; 8) 43°14'15.54547"N, 70°19'25.78088"E

Дата, время, адрес и место проведения общественного слушания: Жамбылская область, Таласский район, Кокталский с.о., с.Коктал, ул. Тәуелсіздік, №20А, актовый зал средней школы им.М.Жұмабаева. Дата и время проведения: 06.05.2026 года в 10.00.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Marstone Group» БИН 250640008872, РК, Жамбылская область, г.Тараз, ул.Айтеке би, д.3Е, E-mail: kozhaxmetovaz79@mail.ru, тел. +7 7710299493.

Составитель проекта: ИП «Пасечная И.Ю.» РК Жамбылская область, г.Тараз мкр.Қаратау(2) д.12, кв.31 тел.87017392827. E-mail: inna\_1310@inbox.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания можно ознакомиться на сайте NBD SOS и PR (<https://ndbecology.gov.kz>) и на сайте МИО Жамбылской области. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и по адресу: г.Тараз, проспект Абая, 133а, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», эл.почта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

ТОО ТОО «Marstone Group» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=951473693951>

Идентификатор встречи: 951-473-693-951.

## «ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» ВЕБ-ПОРТАЛЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы

Электрондық үкімет порталы халыққа бір терезе қағидаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін жеңілдету мақсатында құрылды. Мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай нүктесі:

Сондай-ақ ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге қошу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнатуды жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Қазіргі таңда аталған бағытта мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын жетілдіру бойынша бірқатар міндеттерді іске асырып жатыр.

Атап айтқанда біріншіден мемлекеттік корпорация «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы, екіншіден мемлекеттік мекеме арқылы қағаз жүзінде баламалы түрде, үшіншіден электрондық үкімет порталы арқылы, төртіншіден «Е-лицензирование» және мекеменің ақпараттық жүйесі арқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын, электронды үкімет порталы «e-gov» арқылы қызмет алу үлесін арттыру бойынша ауылдық округте түсіндірме іс-шаралары тұрақты өткізіледі. Бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсетуде заң бұзушылықтар және арыз-шағымдар орын алған жоқ. Бөлімнің мемлекеттік қызмет көрсетуде мерзімдерінің бұзылмауына шаралар қабылдап, күнделікті қатаң бақылануда. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру – тұрғындардың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін көтеру болып табылады.

Рахыман ӘБУТАЛІП,  
Бостандық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.